



CENTER FOR
ANALYTICAL
RESEARCH &
EVALUATION



Erasmus+

Jean Monnet Modules

**« ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ »**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ
ВЫСОКОГО КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И
НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**«STATE AUDIT IN ENSURING THE HIGH QUALITY OF
LIFE OF THE POPULATION AND NATIONAL
SECURITY»**

АСТАНА 2023

УДК 657(069)
ББК 65.052.21
С 23

С Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference «State audit in ensuring the high quality of life of the population and national security» = «Халықтың өмір сүру сапасы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: - 497 б.

ISBN 978-601-337-851-0

Жинаққа мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің, ғылыми қызметкерлердің, ғалым-экономистердің, қаржы саласы және мемлекеттік аудит мамандарының, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of employees of state audit bodies, researchers, economists, specialists in the financial sector and state audit, faculty and students on topical issues of state audit in ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады работников органов государственного аудита, научных работников, ученых-экономистов, специалистов финансовой сферы и государственного аудита, профессорско-преподавательского состава и обучающихся по актуальным вопросам государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-337-851-0

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023

қарқындары көрсеткіштері бухгалтерлік құжаттарға негізделе отырып есептелген. Сонымен, ағымдағы активтер 2018 жылдан 2019 жылға қарағанда барлық ағымдағы активтердің көрсеткіштері артқан. Оны кестенің өсім қарқыны бөлімінен көруге болады.

Ал, енді 2019 жылдан 2020 жылға қарағандағы ағымдағы активтердің динамикалық өзгерісі мына жағдайда болды:

- тауарлы-материалдық қорлар 5 %-ға, берілген аванстар және өзге де активтер 63%-ға, сатуға арналған активтер 98%-ға, ал барлық ағымдағы активтердің жиыны 32%-ға төмендеген;
- табыс салығы бойынша алдын-ала төлем 42%-ға, сауда және өзге дебиторлық берешек 53%-ға, ақша қаражаты және олардың эквиваленттері 420%-ға артқан.

Қорытындылай келе, «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компания» акционерлік қоғамының активтер аудитіне зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу жұмысында қажетті ғылыми әдістер қолданылып акционерлік қоғамның активтері құрылымына талдау жұмыстары орындалды. Сонымен қатар, көрсеткіштердің динамикалық өзгерістері, яғни өсу және өсім қарқындары анықталды. Жоғарыдағы баланстан алынған кестелерде, берілген АҚ-ның активтерінің жылдан-жылға артып жатқанын байқаймыз. Осыған дәлел, АҚ-ның өндірістік-шаруашылық, инвестициялық қызметінің артуы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ ресми сайты [Электрондық ресурс]. - <https://www.ke.kz/>
2. «Қазақстан Инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ 2018-2020 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жеке қаржылық есептілік және тәуелсіз аудитордың аудиторлық қорытындысы [Электрондық ресурс]. - <https://ke.kz/for-investors/reporting-and-results/3/>

«КАЗАТОМПРОМ» АҚ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ АУДИТІ

Мырзатаева Қ.Ж.

«Есеп және аудит» мамандығының 4 курс студенті
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: myrzataevakarakat@[mail.ru](mailto:myrzataevakarakat@mail.ru)

Ғылыми жетекші: Бекболсынова Алма Сартаевна
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
«Мемлекеттік аудит» кафедрасының аға-оқытушы, э.ғ.м.

Аннотация: Мақалада “Казатомпром” компаниясының ақша қаражаттарының аудиті талданған. Аудит нәтижесінде ақша қаражаттарының аудитін жетілдіру жолдары және оларды басқарудағы кемшіліктер бойынша ұсынымдар әзірленді.

Аннотация: В статье проанализированы изменения денежных средств компании "Казатомпром". В результате исследования выработаны рекомендации совершенствования управления денежными средствами.

Annotation: The article analyzes the audit of the funds of the company "Kazatomprom". As a result of the audit, recommendations were developed on ways to improve the audit of funds and shortcomings in their management.

Түйін сөздер: Ақша қаражаттары, валюта, аудит, уран, қаржылық есептілік, амортизация, ірістер, қаржылық шығындар.

Ключевые слова: денежные средства, валюта, аудит, уран, финансовая отчетность, амортизация, доходы, финансовые затраты.

Keywords: cash, currency, audit, uranium, financial statements, depreciation, income, financial costs.

«Казатомпром» АҚ ең алдымен тарихына тоқталып кететін болсақ, 1997 жылдың 14 шілде күні Қазақстан Республикасының Президенті жарлығы бойынша “Казатомпром” Ұлттық атом компаниясы құрылды. Осы холдинг құрамына Волковгеология геологиялық барлау компаниясы, үш кен басқармалары және Үлбі металлургия зауыты кірді. “Казатомпром” әлемдегі ең ірі уран компаниясы. “Казатомпром” уран және оның қосындыларын, сирек кездесетін металдарды, атом электр стансалары үшін арналған ядролық отынды, арнайы жабдықтарды, екі рет қолданылуға арналған технологиялар мен материалдарды барлаумен, өндірумен және экспорттаумен айналысатын Қазақстанның ұлттық операторы. 2009 жылдан бері Қазақстан табиғи уран өндіру бойынша әлемдік көшбасшы қатарында келеді. [1]

“Казатомпром” ұлттық атом компаниясының бүгінгі таңда мемлекет атынан жалғыз акционері «Самұрақ-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры болып табылады.

Ұлттық атом компаниясының активтері геологиялық барлау, уранды өндіру, ядролық отын циклының өнімдерін өндіруден бастап, ғылым, әлеуметтік қамтамасыз ету және маман даярлауға дейінгі түпкі өнім өндіру тізбегіне қатысатын кәсіпорындар кешенін қамтиды және осы саланы дамытып келеді.

Компанияның негізгі қызметі, яғни бағыты уранды өндіру және қайта өңдеу болып табылады. “Казатомпром” АҚ кәсіпорындар тобының құрамына 22 әрекеттегі кеніштер кіреді. Осы жоғарыда атап өткендей, табиғи уранның өндірісі экологиялық қауіпсіз және экономикалық тиімді жерасты ұңғымалы шаймалау әдісімен жүзеге асырылып отырады. Жерасты ұңғымалы шаймалау деп отырғанымыз, кенді жер бетіне шығармастан бұрын, табиғи уранды жер қойнауының өзіндегі өнімді қойыртпаққа айналдыру арқылы игеру әдісі болып табылады.

Біздің талдайтын тақырыбымыз - “Казатомпром” АҚ ақша қаражаттарының аудитін. Жалпы ақша қаражаттарының өзіне түсінік беріп кететін болсақ, ақша қаражаты қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысандарда жинақталған мемлекеттің, кәсіпорындардың, халықтың ақшасы және ақшаға оңай айналатын басқа да қаражат. Ақша қаражаттарына кассадағы және талап етілгенге дейінгі банктік депозиттердегі ақша қаражаттары жатады. Компанияның ақшалай қаражаты кассада, есеп айырысу, валюта және несие ұйымдарындағы басқа шоттарда, елдің аумағында немесе шетелде болуы мүмкін.

“Казатомпром” АҚ, 1 кестеге сәйкес, ақша қаражаттарының, яғни жалпы құрамына кіретін таза ақша ағындары, қаржылық шығындары мен кірістері, сауда дебиторлық және кредиторлық берешектердегі өзгерістері, алынған сыйақылары және де ақша қаражатының таза ағымдары салыстыра үш жыл бойынша көрсетіліп отыр.

1 кесте. “Казатомпром” АҚ ақша қаражаттарын талдау

Көрсеткіштер	Сомасы, мың теңге			Өзгерісі, мың теңге		Өсімі %	
	2019	2020	2021	2019/2020	2020/2021	2019/2020	2020/2021
Операциялық қызмет							
Салық салынғанға дейінгі пайда (зиян)	131,745,737	-14,638,976	81,226,386	-146,384,713	95,865,362	-111.11	-654.86
Салық салынғанға дейінгі пайданы таза ақша ағындарымен салыстыруға арналған түзетулер							
Амортизация және құнсыздану	27,245,653	82,556,652	26,629,787	55,310,999	-55,926,865	203.01	-67.74
Негізгі құралдардың және барлау активтерінің шығуынан болатын залал	984,628	612,983	350,013	-371,645	-262,970	-37.74	-42.90
Бағамдық айырмалан іске асырылмаған кіріс, нетто	-1,335,948	-6,389,010	-3,126,185	-5,053,062	3,262,825	378.24	-51.07
Резервтердегі өзгеріс	-20,094,965	-4,030,011	-5,096,510	16,064,954	-1,066,499	-79.95	26.46
КНЗ және төленген аванстардың құнсыздануы бойынша шығыстарды қалпына келтіру	74,037	-50,380	-65,083	-124,417	-14,703	-168.05	29.18
Қаржылық шығындар	3,471,137	3,656,569	3,783,346	185,432	126,777	5.34	3.47
Қаржылық кіріс	-1,453,496	-1,427,806	-1,763,739	25,690	-335,933	-1.77	23.53
Басқа да ақшалай емес кірістер	-2,211,221	439,777	239,502	2,650,998	-200,275	-119.89	-45.54
Жиыны	138,425,572	60,729,798	102,177,517	-77,695,774	41,447,719	-56.13	68.25
Айналым капиталына түзетулер							
ТМҚ өзгерісі	1,569,233	713,622	-2,063,069	-855,611	-2,776,691	-54.52	-389.10
Салықтар бойынша алдын ала төлемдегі және өтелуге ҚҚС тегі өзгеріс	-17,989,843	17,175,973	10,345,585	35,165,816	-6,830,388	-195.48	-39.77
Төленген аванстар мен келешек көздердің шығыстарындағы өзгеріс	382,600	-897,807	-1,949,986	-1,280,407	-1,052,179	-334.66	117.19
Сауда дебиторлық берешектердегі өзгеріс	-11,649,067	18,866,402	-6,669,047	30,515,469	-25,535,449	-261.96	-135.35
Сауда және басқа да кредиторлық берешектердегі өзгеріс	-1,954,331	-5,508,694	2,593,778	-3,554,163	8,102,472	181.84	-147.09
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықтың және төленуге жататын ренталық салықтың өзгеруі	2,766,320	-22,867,480	10,690,913	-25,633,800	33,558,393	-926.64	-146.75
Жиыны	111,550,284	68,211,814	115,125,692	-43,338,470	46,913,878	-38.85	68.78
Алынған сыйақы	1,453,308	1,427,806	1,763,738	-25,502	335,932	-1.75	23.53
Төленген табыс салығы	-26,855,034	-16,394,196	-20,785,331	10,460,838	-4,391,135	-38.95	26.78
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза ағымдары	86,148,558	53,245,424	96,104,099	-32,903,134	42,858,675	-38.19	80.49

Ескертпе-кесте қаржылық есептіліктен алынған [2]

Кестедегі мәліметтерге сәйкес, көріп тұрғанымыздай, салық салынғанға дейінгі пайда, 2020 жылы 2019 жылға қарағанда -146,384,713 мың теңгеге немесе -111,11%- ға төмендегенін байқаймыз. Ал 2021 жылы 2020 жылға қарағанда 95,865,362 мың теңгеге артқан болатын. Сонымен қатар айналым капиталына түзетулер енгізген уақытта, ақша қаражаттарының жиыны 2020 жылы 2019 жылға қарағанда -38,85 %-ға төмендеп, ал 2021 жылы 2020 жылға

қарағанда 68,78%-ға өскенін көре аламыз. Алынған сыйақы мен төленген табыс салығына келер болсақ, салыстыра алғанда ең жоғарғы көрсеткіш, 2021 жылы 2020 жылға қарағанда жақсы көрсеткіш көрсетіп, артқан болатын.

Келесі біз қарастыратын, “Казатомпром” ұйымының қаржылық қызметін талдаймыз. 2 кестедегі мәліметтерге сүйенетін болсақ, мұнда дивидендтер, таза ақша ағымдары және оның баламаларының таза өзгеруі үш жылға салыстыра көрсетілген.

2 кесте. “Казатомпром” АҚ қаржылық қызметін талдау

Көрсеткіштер	Сомасы, мың теңге			Өзгерісі, мың теңге		Өсімі %	
	2019	2020	2021	2019/2020	2020/2021	2019/2020	2020/2021
Бас компанияға төленетін дивидендтер	-117,401,771	0	-45,000,016	117,401,771	-45,000,016	-100.00	0.00
Тарихи міндеттемелерді	-1,279,059	-782,536	-498,298	496,523	284,238	-38.82	-36.32
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағымдары	-118,680,830	-782,536	-45,498,314	117,898,294	-44,715,778	-99.34	5714.21
Ақша қаражаттары мен оның баламаларының таза өзгеруі	-73,738,016	15,401,177	15,326,725	89,139,193	-74,452	-120.89	-0.48

Ескертпе- кесте қаржылық есептіліктен алынған [3]

Келесі біз қарастыратын, “Казатомпром” ұйымының қаржылық қызметін талдаймыз. Кестедегі мәліметтерге сүйенетін болсақ, мұнда дивидендтер, таза ақша ағымдары және оның баламаларының таза өзгеруі үш жылға салыстыра көрсетілген. Ең алдымен бас компанияға төленетін дивидендтерге келер болсақ, 2020 жылы 2019 жылға қарағанда 117,401,771 мың теңгеге артып, бұл оның оң нәтижелігін айқындайды. 2021 жылы 2020 жылға қарағанда -45,000,016 мың теңгеге төмендеп кеткен болатын. Ақша қаражаттары және оның баламаларының таза өзгеруі 2020 жылы 2019 жылға қарағанда -120,89%-ға, ал 2021 жылы 2020 жылға қарағанда қатты өзгеріс болмаған, тек -0,48%-ға төмендегенін көре аламыз.

Компания өтімділікке деген қажеттіліктерін өз міндеттемелерін уақытында өтеу үшін жеткілікті қолма-қол ақшаның тұрақты болуын қамтамасыз ету үшін, қолайсыз шығындардың пайда болуына жол бермей және топтың беделіне қауіп төндірместен өзінің қаржылық міндеттемелерін орындау үшін басқарады.

3 кесте. “Казатомпром” АҚ ақша қаражаты және оның баламаларының талдауы

(млн теңгемен)	30 маусым 2022 ж.	31 желтоқсан 2021 ж.	30 маусым 2021 ж.	6 айдағы өзгеріс 2022 ж.
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	380 394	161 190	151 762	136%

Қысқа мерзімді депозиттер	8	43 220	-	(100%)
Барлығы қолма-қол ақша	380 402	204 410	151 762	86%
Қарыздар бойынша пай даланылмаған сома	165 560	177 902	255 450	7%
Ескертпе- кесте қаржылық есептіліктен алынған [4]				

Депозиттерді қоса алғанда, ақша қаражаттары мен олардың баламалары 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 380 402 млн теңгені құрады, 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 204 410 млн теңгемен салыстырғанда 86% -ға ұлғайды және жалпы соманың шоғырлануына байланысты 2021 жылғы 30 маусымда дивидендтер төлегенге дейін қолма-қол ақшаға байланысты 151 762 млн теңгеге ұлғайды. Қарыздар бойынша пайдаланылмаған сома топқа қолжетімді, өтімділіктің қосымша көзі болып табылатын, 12 айға дейінгі мерзімде өтеуге жататын, негізінен сауда дебиторлық берешегінің түсу мерзімдерімен байланысты кассалық алшақтықтарды уақытша жабу үшін пайдаланылатын жаңартылатын корпоративтік кредиттік желілер арқылы ұсынылды. 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша топтың жаңартылатын кредиттік желілері бойынша жалпы лимит 165 560 млн теңгені (352 млн. АҚШ долл.), толық көлемде қолжетімді (2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 177 902 миллион теңге (412 млн. АҚШ); 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 255 450 млн теңге (597 млн. АҚШ)). Төмендеу талап етілмеген несие желілерінің жабылуына байланысты. 2022 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша топтың ағымдағы немесе ұзақ мерзімді банктік несиелері жоқ.

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша банктік емес қарыздар бойынша берешек 97 971 млн теңгені құрады және негізінен компанияның номиналды құны 70 млрд теңге және 2019 жылғы қыркүйекте "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) арқылы сауда алаңында орналастырылған өтеу мерзімі 2024 жылғы қазандағы ұзақ мерзімді индекстелген купондық облигацияларын қамтуды жоспарлап отыр.

Ұйым өтімділікке деген қажеттіліктерін өз міндеттемелерін уақытында өтеу үшін жеткілікті қолма-қол ақшаның тұрақты болуын қамтамасыз ету үшін, қолайсыз шығындардың пайда болуына жол бермей және топтың беделіне қауіп төндірмей, өзінің қаржылық міндеттемелерін орындау үшін басқарады.

4 кесте. "Қазатомпром" АҚ өтімділігі

Млн ,теңгемен	2021 ж.	2020ж.	Өзгерісі
Ақша қаражаттары және оның баламалары	161 190	113 347	42%

Мерзімді депозиттер	43 220	-	0%
Қолма-қол ақша жиыны	204 410	113 347	80%
Қарыздар бойынша пайдаланылмаған сома	177 902	241 602	26%
Ескертпе – кесте авторлармен құрастырылған [5]			

2021 жылы ақша қаражаты 2020 жылы 113 347 млн теңгемен салыстырғанда 204 410 млн теңгені құрады. 12 айға дейінгі мерзімде өтеуге жататын қарыздар бойынша пайдаланылмаған сома өтімділіктің қосымша көзі болып табылатын топқа қолжетімді, негізінен сауда дебиторлық берешегінің түсу мерзімдерімен байланысты ақша тапшылығын уақытша жабу үшін пайдаланылатын жаңартылатын корпоративтік кредиттік желілер арқылы ұсынылады. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша топтың жаңартылатын кредиттік желілері бойынша жалпы лимит 177 902 млн теңгені (412 млн АҚШ доллары) құрады, ол толық көлемде қолжетімді (2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 241 602 млн теңге (574 млн АҚШ доллары) төмендеу пайдаланылмаған кредиттік желілердің жабылуына байланысты.

Сонымен, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша топтың ағымдағы немесе ұзақ мерзімді банктік несиелері жоқ. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банктік емес қарыздар бойынша берешек 89 308 млн теңгені құрады және негізінен компанияның 2019 жылғы қыркүйекте "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) сауда алаңында орналастырылған, номиналды құны 70 млрд. теңге және өтеу мерзімі 2024 жылғы қазандағы ұзақ мерзімді АҚШ долларына индекстелген купондық облигацияларын қамтиды.

5 кесте. "Қазатомпром" АҚ ақша қаражаты және оның баламаларының құрамы

	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
АҚШ долларында білдірілген банктердегі мерзімді салымдар	-	47 406 301	68 854 177
Банктердегі теңгемен көрсетілген мерзімді салымдар	4 124 000	9 847 623	5 395 906
Банктердегі теңгемен көрсетілген қаражат	15 724	8 025	16 462

Банктерде АҚШ долларында білдірілген қаражат	35 049 234	-	363 979
Жалпы:	39 188 958	57 561 949	74 630 524
Ескертпе – кесте авторлармен құрастырылған [5]			

Қорытындылай келе, “Казатомпром” АҚ ақша қаражаты және оның баламалары АҚШ долларында білдірілген банктердегі мерзімді салымдар, банктердегі теңгемен көрсетілген мерзімді салымдар, банктердегі теңгемен көрсетілген қаражат, банктерде АҚШ долларында білдірілген қаражаттан құралады. АҚШ долларында білдірілген банктердегі мерзімді салымдар 2021 жылы 68 854 177 мың теңгені, банктердегі теңгемен көрсетілген мерзімді салымдар 5 395 906 мың теңгені, банктердегі теңгемен көрсетілген қаражат 16 462 мың теңгені, ал банктерде АҚШ долларында білдірілген қаражат 363 979 мың теңгені құраған болатын. Жалпы 2021 жылы ақша қаражаттары және оның баламалары 74 630 524 мың теңгені құрады, яғни алдыңғы екі жылмен салыстырып қарасақ, оның өсімі байқалады. Оның өсімі әлемдегі ахуалға байланысты, уран өндірісінің көлемі артып, соған сәйкес түсімнің көбеюінен ақша қаражаттары өсіп тұр.

Осы қорытынды негізінде ұйымның ақша қаражаттарын жақсарту мақсатында келесі ұсынымдар беріледі:

1. Ақша қаражаттарының жай - күйін жақсарту үшін, оны басқаруды жетілдіру қажет.
2. Ақша қаражаттарының жетіспеушілігін болдырмау үшін, оның есебін жүргізуді автоматтандыру қажет.
3. Ұйымының ақша қаражаттарына аудит жүргізу үшін, салалық ерекшеліктеріне сай әдістеме әзірлеу керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі :

1. «Казатомпром» АҚ-ның ресми сайты <https://www.kazatomprom.kz/ru>
2. «Казатомпром» АҚ-ның 2019 жылғы қаржылық есептілігі: https://www.kazatomprom.kz/storage/12/kfo_po_msfo_2019_rus.pdf
3. «Казатомпром» АҚ-ның 2020 жылғы қаржылық есептілігі: https://www.kazatomprom.kz/storage/68/fofo_po_msfo_za_2020_god_na_russko_m.pdf
4. «Казатомпром» АҚ-ның 2021 жылғы қаржылық есептілігі: https://www.kazatomprom.kz/storage/48/fofo_po_msfo_za_2021_god_na_russko_m.pdf